

Тексерілді:

«Зере» бөбекжай-балабақшасының

Әдіскері: Даржанова Г.С

«Зере» бөбекжай-балабақшасы

«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы

«Әжелер мектебі» аясында

«Әжемнің ертегісі» атты іс-шара



Күні: 05.02.2026ж

Тәрбиешілер: Дүйсебаева К.С

Еламан Ә

Тақырыбы: «Әжемнің ертегісі»

Қатысушылар: Әжелер, немерелер, жүргізуші

Мақсаты: Ұрпақтар сабақтастығын нығайту, ауыз әдебиеті арқылы балалардың тілін, ойлауын дамыту.

Смайликпен қарсы алу.Әуенмен.

Жүргізуші:

– Армысыздар, ардақты әжелер, сүйікті немерелер, құрметті әріптестер!

Бүгін біз «Әжемнің ертегісі» атты ерекше, жылы кездесуге жиналдық.

Ендігі сөз кезегін «Зере» бөбекжай-балабақшасының меңгерушісі Умсындық Базарбайқызына және әдіскер Гаухар Сағынбайқызына сөз кезегін ұсынамын.

Күн тәртібінде:

1.Таныстыру

2.Өз ертегіңді құрастыр

3.«Кейіпкерді тап» ойыны

4.Өткеннен қалған өнеге.

Бесік ,Киіз үй,домбыра,құрақ көрпе,торсық.

Жүргізуші:

1-кезең.Таныстыру

Әр аже өзі туралы, немересі

туралы айту.

2-кезең.Өз ертегіңді құрастыр

– Қазір әжелер мен немерелер бірге кейіпкерлерді таңдап,

өз ертегілерін құрастырады.

3-кезең«Кейіпкерді тап» ойыны

– Енді жұмбақ тыңдайық.

1.Өзі айлакер,

Түсі қызыл,

Орманда жүреді

Жауабы:Түлкі.

Ән "Еркелай" "Ән тапқан"

2.Мүйізі бар тармақты,
Орманда жүр сымбатты.
Жылдам жүгіреді өзі,
Бұл қай аң, айтшы тезірек?

Жауабы: Бұғы

3.Орманда жүр сұсты өзі,
Ұлиды түнде даусы.
Жыртқыш аң ол бәріне,
Бұл қай аң, айтшы досым?

Жауабы: Қасқыр

4.Үлкен, қоңыр, күшті аң,
Бал жегенді жақсы аң.
Орманда ол мекендейді,
Бұл қай аң, кім біледі?

Жауабы: Аю

5.Көктемде ақ гүлдеймін,
Жазда жеміс беремін.
Алма піссе бұтақта,
Бұл не екен, кім табар?

Жауабы: Алма ағашы

6.Көктем келсе ашылам,
Әсем болып басылам.
Түр-түр түсті боламын,
Бұл не екен, айтшы жаным?

Жауабы: Гүл

Жүргізуші:

— Дұрыс таптың, жарайсың!

4-кезең.Өткеннен қалған өнеге.

Бесік – қазақ халқының нәрестеге арналған қасиетті бұйымы.

Ол баланың таза, жайлы ұйықтап, дені сау болып өсуіне арналған.

Киіз үй – қазақтың көшпелі өміріне лайық баспанасы.

Жазда салқын, қыста жылы болып, табиғатпен үйлесімде жасалған.

Домбыра – қазақ халқының ұлттық музыкалық аспабы.

Ол арқылы күй тартылып, елдің тарихы мен рухы жеткізілген.

Құрақ көрпе – түрлі матадан құрастырылып тігілетін бұйым.

Ол бірлік пен үнемділіктің, шеберліктің белгісі.

Торсық – теріден жасалған ыдыс.

Ол қымыз бен шұбат сақтауға арналған көшпелі тұрмысқа қолайлы бұйым.

Жүргізуші:

– Ертегі – халықтың қазынасы.

Ертегімен өскен бала -мейірімді бала.Әженің ертегісі бала жүрегіне жылу сыйлайды.

– Құрметті әжелер мен сүйікті немерелер!

Бүгін біз ертегі арқылы мейірім мен даналықтың күәсі болдық.

Осындай жылы кездесулер жиі болсын!

Бүгінгі «Әжемнің ертегісі» іс-шарасы арқылы

ұлттық құндылықтар мен ұрпақтар сабақтастығы дәріптелді.

Қатысқан барша әжелерге алғыс айтамыз!





АДАЛ
АРТАСТ

АЗМАТ
ТҒЫБЕ

БАҒДАРЛАМАСЫ